




«Балауса» бөбекжай балабақшасы

КЕҢЕС

Педагогикалық этика ережелері

Өткізген: Чепкий Я.К.

Қаңтар 2021

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕПТІҢ БЕЛГІЕРІ:

1. Ілтипаттылық. Әдетте оқушылар өздері жақсы көретін мұғалімдер оларға дауыс көтеріп сөйлесе де көңілдеріне ауыр алып қалады. Дауыс көтеру, жазықсыз жазғыру, әділ қойылмаған баға ғана емес, мұғалімдер көзге ілмей, өтініштерін құлықсыз, жүрдім-бардым тыңдаса да, ең болмағанда қастарына жақындап көңіл аудармаса да, ренжіп қалады.

2. Сенім. А. С. Макаренконьың пайымдауынша; кателесу қаупі төніп тұрса да мұғалім оқуда болсын, тәлім-тәрбие жұмысында болсын оқушыларға өзінің батыл-батыл ойларымен ықпал жасауы қажет. Балалар өздерінің күштері мен мүмкіндіктерін толық шамалай алмайды. Олар ересектердің бағасына, әсіресе өздерінен де артық сенетін мұғалімнің бағасына сүйенеді.

3. Әділдік. Мұғалімнің қандай қасиеттерін бағалайсыз деген сауалға оқушылар көбіне көп: "әділдігін" деп жауап қайтарады. Егер мұғалім әділ болғанның үстіне әдебі мол, көңілді, жайдары болса, мектепте одан беделді адам болмайтыны түсінікті.

4. Төзім мен сабыр сақтау. Мұғалімнің педагогтік әдеп әлемі үшін бұл қасиеттердің маңызы үлкен, тіпті көп жағдайда шешуші мәні бар. Бұл, әрине, өртеніп жатсын, күйіп жатсын, мұғалім еш нәрсеге ашуланбауы тиіс деген сөз емес. Ондай жағдайларда оған өзін ақылға жеңдірмей болмайды. Ашу үстінде ешқандай шешім қабылдамау керек. Сабырлылық, өзін-өзі ұстай білушілік сияқты қасиеттер ұстаздың белсенді құрамы болуы тиіс.

Қай кезең, қай дәуірде болсын адамға білім мен тәрбие беруден асқан мұрат жоқ. Ұстаз – ұрпақ тәрбиелеп өсіруші, қоғам сенген адам. Ұстаздық қызметтің қыры мен сыры мол.

Кәсіби әдеп сипаты келесі жағдайда көрінеді :

- педагогтың сыртқы келбетінен ;
- кез келген орын алған жағдайды жылдам және дұрыс бағалай білуі, сондай-ақ өз тәрбиеленушілерінің тәртібі мен қабілеті туралы қорытынды жасауға асықпауынан ;
- өз - өзін ұстай білу, қиын жағдайда сезімге жол бермей, салқынқандылық танытуынан ;
- оқушыларына қоятын талаптарының ойға сыйымдылығы мен оларға деген сезімталдығынан ;
- оқушылардың жас және жеке -дара ерекшеліктерін жақсы білуінен ;
- өз еңбегіне сыни көзқараспен бағалай білуінен ;

Педагогикалық кәсіби мәдениет – мұғалімнің әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, игерген білім, білікті тәжірибеде қолдана білуі және өзін-өзі, қоршаған ортаны жаңарту қабілетімен қатар басқа адамдармен ізгілік тұрғысында қарым-қатынас жасай білу қабілетімен сипатталады.

Кәсіби мәдениетті жоғары деңгейде меңгерген мұғалімнің шешуге тиісті міндеттері:

1. Жаңаша ойлауға, таным және өзіндік ұйымдастыру әдістеріне оқыту;
2. Оқушыны құбылысқа тұтастай және қозғалыс кезінде қарауға үйрету;
3. Оқушыны өзін-өзі ұйымдастыруға үйретіп, өз бетінше өмір сүрудің нақты жолын көрсету;

Педагогикалық кәсіби мәдениетті жоғары деңгейде меңгерген мұғалім:

- ғылыми теория, гносеология, әдістеме негіздерін білу тиіс;
- мамандықты және пәнін жақсы білуі керек;
- мұғалімнің өзінің сенетіндегін көрсететін және шығармашылық таным процесін дамытатын энергияның болуы қажет.

«Педагогикалық мәдениет» түсінігі бұрыннан педагогикалық іс-әрекет практикасына енгізілген, ал оны теориялық зерттеу енді ғана қолға алынды. Педагогикалық іс-әрекет ерекшеліктерін талдауға, педагогикалық қабілетті зерттеуге, мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты бұл проблема С.И.Архангельский, А.В.Барабанщиков, Е.В.Бондарева, З.Ф.Исарева, Н.В.Кузьмина т.б. еңбектерінен көрінеді. Философияда,

әлеуметтануда, педагогика мен психологияда мәдени бағыттылықты зерттеумен байланысты, педагогикалық мәдениеттің кейбір жақтары талданды: мұғалім жеке тұлғасының әдіснамалық, адамгершілік, эстетикалық, коммуникативті, технологиялық, рухани, дене мәдениеті. Бұл зерттеулерде педагогикалық мәдениет педагогикалық іс-әрекет жүйесінде көрінетін мұғалімнің жалпы мәдениетінің маңызды бөлімі. Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық мәдениеті қоғамдық құбылыс ретінде педагогикалық мәдениеттің бөлімі болып табылады. Педагогикалық мәдениеттің таратушылары, олар кәсіби немесе кәсіби емес деңгейде педагогикалық практикамен айналысатын адамдар. Кәсіби-педагогикалық мәдениетті таратушылар, олар педагогикалық әрекетті, педагогикалық қарым-қатынасты, жеке тұлғаны құрастыратын педагогикалық еңбек арқылы жүзеге асырылады.

Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің мәнін түсіну үшін, мынадай ерекшеліктерін білу керек:

- 1.Кәсіби-педагогикалық мәдениет - әр түрлі формада көрінетін педагогикалық шындықтың сипаттамасы.
- 2.Кәсіби-педагогикалық мәдениет—ол құрылымдық-функционалдық компоненттері бар, өзіндік ұйымы бар, қоршаған ортамен өзара әрекет ететін жүйелі білім беру.
- 3.Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің талдау бірлігі шығармашылық педагогикалық әрекет.
- 4.Кәсіби-педагогикалық мәдениетті жүзеге асыру және қалыптастыру ерекшеліктері дара шығармашылық, психофизиологиялық және жас ерекшелік, жеке тұлғаның әлеуметтік-педагогикалық тәжірибесімен шарттасып жатады.

Педагогикалық құндықтарды айта келе, оның үш негізгі түрін айқын көрсетуге болады.

Педагогикалық этиканың маңыздылығын сонау ғасырларда білген Әл Фараби: «Нағыз тәрбиеші ұстаз бойында он екі тума қасиет болу керек» деп, педагогикалық әдептің қыр-сырына тоқталып кеткен: * Өнер білімге құштар; * Мүшелері мүлдем мінсіз; * Жаратылысынан өзіне айтқанның бәрін жете түсінетін; * Өзі естіген, көрген, түсінген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын алғыр да аңғарымпаз; * Өткір сөз иесі және ойына түйгенінің бәрін анық бере алатын; * Тағамға, ішімдік ішуге, сыр-сұхбат құруға қанағатшыл; * Жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын; * Жаратылысынан игі істерге ынтызар; * Әділеттілігі мен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты жек көретін; * Жақындарына да, жат адамдарға да әділ, пасық адамдарға мүлдем рақымсыз, * Қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек; Бойына туа біткен 12 қасиетке ие болатын, бұларды бір-бірімен сәтті ұштастыратын адам нағыз ұстаз!